

34

МЕЖДУНАРОДНАЯ
ВЫСТАВКА МОДЫ
INTERNATIONAL
FASHION EXHIBITION

CAF
CENTRAL ASIA FASHION



ELITELINE⁵ INTERNATIONAL
EXHIBITION

supported by
euro shoes
premiere collection

SHOES, FUR,
LEATHER AND
ACCESSORIES

www.eliteline.kz

18-20

августа
august

2024

AUTUMN-2024

Official organizer
Официальный организатор
saTexpro
www.fashionexpo.kz

**Алматыда Орталық Азияның сән әлеміндегі ауқымды шара болып өтті:
34-ші Central Asia Fashion Autumn-2024 Халықаралық сән көрмесі және
5-ші Elite Line Халықаралық аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлар көрмесі**

Қазақстан, Қытай, Польша, Ресей, Пәкістан, Түркия, Өзбекстан, БАӘ, АҚШ, Германия, Франция, Италия және Гонконгтан келген 158 қатысушы сән бұйымдарының 40-қа жуық тобын ұсынды. Негізгі сегменттер – 2024/2025 күз-қыс маусымына әйелдер мен ерлер киімдерінің, кешкі көйлектер, тері бұйымдары мен аяқ киімдердің жаңа топтамалары. Шараға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстаннан 6770-тен астам байелер қатысты.



34-ші Central Asia Fashion Autumn-2024 Халықаралық сән көрмесінің павильоны

Elite Line көрмесі Euro Shoes және Elite Line & Central Asia Fashion серіктестігі аясында өткізіледі. Euro Shoes қолдауымен көрмеге әртүрлі елдерден 25-тен астам аяқ киім компаниясы қатысты. Тері нарығына ірі ойыншылардың (41 компания) қатысуы Орталық Азияда ұсынылған тері брендтерінің қатарын айтарлықтай кеңейтті. Флагмандық компаниялардың қатарына НКРС - Гонконг өнімділік кеңесінің қолдауымен KSIAD және HONG KONG FUR FEDERATION түрік тері өнеркәсібі мен кәсіпкерлер қауымдастығы кіреді.



Elite Line 5-ші мамандандырылған көрмесі аясында тері брендiнiң сән көрсетiлiмi



34-ші Central Asia Fashion Autumn-2024 Халықаралық сән көрмесі және 5-ші Elite Line Халықаралық аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлар көрмесінің ресми ашылу салтанаты

САТЕХРО компаниясының директоры Метин Арслан маусым сайын жаңа қатысушы елдер пайда болатынын және орталықазиялық сатып алушыларға тотамаларды көтерме бағамен сатып алуға мүмкіндік беретін В2В форматы сақталғанын атап өтті: *«Осы бағыттағы жүйелі жұмыстың арқасында Қазақстан аймақтағы көшбасшылық дәрежесін сенімді түрде сақтап келеді және көрме Орталық Азияның сән әлеміндегі ең ірі оқиға болып қалуда. Осы жобаны жыл сайын дамытуға көмектесіп, сол арқылы елімізге назар адартып, инвестиция тартуға атсалысқан жандадың барлығына алғысымды білдіремін».*



Central Asia Fashion және Elite Line көрмелерінің ұйымдастырушысы,
Catexpro бас директоры Метин Арслан

CAF қонақтарының көпшілігі жобаның қалыптасуына қатысып, оның халықаралық деңгейде мойындалғанының куәгері болуда. Түркиямен ынтымақтастық бұл мәселеде маңызды рөл атқарады. Түркияның Қазақстандағы Бас консулы Еврен Мудеррисоглу ашылу салтанатына жиналғандарды құттықтай отырып, екі ел экономикасының белсенді дамып келе жатқанын атап өтті, ал Түркияның тері өнеркәсібі және кәсіпкерлер қауымдастығының басқарма төрағасы Али Явуз Бойнукис үш жыл бұрын көрмеге тек 3 компания, ал Autumn-2024 маусымында – 14 компания қатысқанын еске салды.



Ресей Ұлттық аяқ киім одағының (ҰАКО) және
Euro Shoes premiere collection аяқ киім көрмесінің бас директоры Ян Беляев

Ресей Ұлттық аяқ киім одағының бас директоры Ян Беляев қатысушылар мен байерлерге жақсы тапсырыстар, тауарлардың тез жеткізілуін және төлемнің уақытылы жасалуын тіледі: *«Euro Shoes және Elite Line серіктестігі өз жемісін сөзсіз беруде. Барлық көрмелерде total look толыққанды сегментін көру мүмкін емес, ал қазір байерлердің бір жерде киім мен аяқ киімге тапсырыс беру мүмкіндігі бар. Бұл тұрақтылықтың кепілі. Бәрі тұрақсыз болып жатқан әлемде көрме тұрақты болып қалмақ. Әрқашан осындай болып қала берсін! »*

Көрмедегі шығармашылық премьерә

Әрдайым жарқын әрі тосын сыйларға толы ашылу салтанатында Орталық Азияның сән әлеміндегі трендтер ұсынылды. 2024/2025 күз-қыс маусымының негізгі трендтерінің бірі - этникалық мотивтер. Елдер мен мәдениеттердің қайталанбас этно бояуын бейнелейтін заманауи, ыңғайлы киім сәнде. Дизайнерлер мәдени бірегейлік пен ұлттық киімдер дәстүрін сақтауға барынша назар аударуда. Өздеріңіз білетіндей, бұрын түрлі киімдер шығармашылықтың бөлігі ретінде ғана емес, адамның қоғамдағы орнына жауапты болған.



Ашылу салтанатында қазақстандық дизайнер Жадыра Жамансаринаның Sara Fashion брендінің сән көрсетілімі

Ашылу салтанатында Sara Fashion брендімен қазақстандық дизайнер Жадыра Жамансарина (топтама CAF Autumn-2024 көрмесінде көрсету үшін арнайы жасалған) және Baiga брендімен қырғыз дизайнері Толгонай Байра өз топтамаларын ұсынды. Этникалық мотивтердің көмегімен әйелдер мен ерлер үшін керемет киім үлгілерін жасап, олардың көптің көзіне, айтпай-ақ түсуіне мүмкіндік сыйлайды.

Жадыра Жамансарина қазір этникалық нақыштағы киім-кешек пен аксессуарларға сұраныс көп екендігімен бөлісті: *«Сонымен қатар, мұндай сұраныстар тек Қазақстанда ғана емес, басқа ТМД елдерінде, Еуропа мен АҚШ-та да көп. Адамдар қандай да бір ерекше нәрсені қалайды. Нәліктен қазақстандық этника соншалықты тартымды? Бұл Ұлы даланың, менталитеттің, ең бастысы бостандықтың даралығы. Этникалық мотивтер бостандық рухынан нәр алуда. Этникалық халық-еркін халық. 21 ғасырда бұл өте маңызды. »*



Қырғыз дизайнері Толгонай Байраның BAIRA бренд топтамасының сән көрсетілімі

Дизайнер Толгонай Байра әлемге этностиль мен заманауи трендтерді үйлестіру өнерін алып келуде, ол кез келген бейнеге тартымдылық пен креативті әсер береді. Қырғыз дизайнерінің топтамасы ең алдымен өрнектерімен қызықты. Ою-өрнектердің негізгі айырмашылығы – олардың көпшілігі табиғатты: аспанды, ағаштарды, күнді, өзенді, толқындарды, жануарларды, гүлдерді бейнелейді. Қазіргі уақытта адамдардың өз тамырына қайта оралу үрдісі айқын байқалады. Дегенмен заман ағымына ілесу керек болғандықтан этникалық рухы бар заманауи ыңғайлы киімдер пайда болады. Бұл әдемі ғана емес, сонымен қатар басқа елдерден келген адамдар мен басқа мәдениет өкілдерінің назарын аударуға көмектеседі, сол арқылы белсенді мәдени алмасуға ықпал етеді. Сондай-ақ мұндай бейнелер киген адамды көрінбейтін пердемен қорғайтындай, себебі рудың қолдау күші - әлемдегі ең күштілердің бірі.

Жаңа өсу нүктесіндегі бизнес-конференция

Көрменің бизнес-бағдарламасы күзгі маусымда дамудың жаңа сапалы кезеңін көрсетті. Үш күн бойы келушілер үшін тегін кеңес беру орталығы, интернет-маркетинг мектебі, бос жұмыс орындар жәрмеңкесі, білім беру жобалары – «Сатушы & байер мектебі», міні MBA бағдарламасы жұмыс істеді.



Yandex Qazaqstan сарапшыларының retail талдау деректерімен CAF бизнес конференциясында сөйлеген сөзі. Фотода солдан оңға қарай: Ольга Курданова, Мадина Сейсенғалиева, Милена Ершова

Өз кезегінде, CAF бизнес-конференциясы бүкіл Орталық Азияда теңдесі жоқ арнайы мамандандырылған шара ретінде еларалық деңгейге жетті. Autumn-2024 маусымында 24 сессия өткізіліп, онда Нидерланды, Ресей, Өзбекстан және Қазақстанның беделді спикерлері сөз сөйледі.

Бизнес-бағдарламаның жетекшісі және көрменің бас продюсері Милена Ершова: «Үш күн бойы алғаш рет бизнес-конференцияның беделді сарапшылары жергілікті ғана емес, ең алдымен әлемдік бизнес қауымдастықтың жаһандық мәселелерін талқылады. Олар статистика мен аналитиканың әлемдік деректеріне жүгінді, өздерінің салалық зерттеулерінің терең нәтижелерін ұсынды және өткен, қазіргі және болашақ арасындағы параллельді жүйелі түрде жүргізді. Жаһандық күн тәртібі мен әлемдік сын – қатерлерді кәсіби талқылау-аудиторияның сапалы өсуінің және оның сана деңгейінің өзгеруінің басты көрсеткіштерінің бірі».

Бизнес-конференция тыңдаушылары fashion санатындағы ритейл-трендтері, бизнес пен қоғамдағы жалпы әлемдік трендтер, статистика мен талдаудың бірегей салалық деректері бойынша өзекті ақпаратты алды. Yandex Qazaqstan жарнама бизнесінің директоры Мадина Сейсенғалиева Қазақстанның сән нарығы оның дамуына белсенді түрде инвестиция салып жатқан халықаралық брендтердің назарын көбірек аударып келе жатқанын атап өтті: «Соңғы жылы Қазақстан нарығына салынған инвестицияның өсімі халықаралық брендтерден 48%, ресейлік брендтерден 23%, белорус сән брендтерінен 495% құрады! Мұндай өсім біздің елге деген қызығушылықтың жоғары екенін көрсететіні сөзсіз. Қазақстандықтар соңғы бір жылда сатып алған тауарлар санатының ішінде сөзсіз көшбасшы - киім-кешек, 77%. Аяқ киім санаты сәл артта қалуда – 69% және бет пен дене күтіміне арналған косметика – 55%. Сонымен қатар, қазақстандықтардың сән сатып алуларының арасында аксессуарлар (сөмкелер, белдіктер және т.б.) категориясы да айтарлықтай өскен - 37%.»



CAF бизнес-конференциясында «Әлемдегі ең қызған бизнес трендтерінің сараптамалық талдауы» панельдік пікірталасының спикерлері Фотода солдан оңға қарай:
Евгений Данчев, Наталья Миронова, Милена Ершова

Қазақстандықтар үшін сатып алудың негізгі сценарийі-көп арналы: 36%-ы тек оффлайн, 10%-ы тек онлайн сатып алды, сауалнамаға қатысқандардың 54%-ы осы екі негізгі арнаны сатып алды.

Сарапшылар тағы да көп арналы бизнесті жүргізу қажеттігін атап өтті.

Эксклюзивті салалық зерттеу қорытындысы бойынша «Ұлттық сервис пен фидбек жаңа Қазақстан ерекшеліктері» аналитикалық сессиясы аясында сарапшылар Қазақстандықтардың елдегі сервис деңгейін қалай және қандай критерийлер бойынша бағалайтынын, сондай-ақ клиенттердің пікірлерінде қандай өзгешелік пен ұлттық ерекшеліктер бар екенін анықтады. Наталья Оспанова, «Қазақстандық қоғамдық пікір мен нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының» (ҚҚПНКЗҚ) президенті алғаш рет еліміздің 20 қаласында тұратын 18 жастан 60 жасқа дейінгі қазақстандықтарды ауқымды салалық зерттеудің қорытындыларын ұсынды.

Респонденттердің пікірінше, Қазақстанда клиенттерге кафелер мен мейрамханаларда (43%), супермаркеттерде (41%) және тұрмыстық техника дүкендерінде (40%) ең жақсы қызмет көрсетіледі. Әрі қарай жеке медициналық орталықтар (37%), банктер (36%). Қазақстандық киім, аяқ киім және аксессуарлар дүкендері сервис деңгейін зерттеу нәтижелері бойынша 29% жинады. Сауалнамаға қатысқандар мемлекеттік ауруханалар мен емханаларды (6%) халыққа қызмет көрсетудің ең нашар орны деп санайды. Қазақстандағы сервисің негізгі проблемалық аймақтары - персоналдың біліктілігінің жеткіліксіздігі (62%), сыпайылық пен мейірімділіктің төмен деңгейі (48%), қызмет көрсетудің төмен жылдамдығы (45%).

Спикер Қазақстандағы сервис деңгейі жүйелі тәсілді талап ететінін және оны арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі - персоналды оқытуға үнемдемеу екенін атап өтті.



CAF бизнес-конференциясында «Орталық Азияның беделі және негізгі көрсеткіштері» панельдік пікірталас сарапшылары
Фотода солдан оңға қарай: Мария Малиновская, Дмитрий Буренко, Наталья Оспанова,
Милена Ершова, Индира Адиль, Светлана Черненко

Болашақ тақырыбы қысқа және ұзақ мерзімді перспективада бизнес-конференцияда кеңінен талқыланды. Мәселен, «Бизнес пен сатып алушыларға жаһандық «болжам-2050» панельдік талқылауында сарапшылар қоғамдағы негізгі трендтерді талқылады: жаһандық қартаю, гиперурбанизация және жасанды интеллекттің қарқынды дамуы. Бұл ретте жоғарыда аталған әлемдік проблемалардың бизнеске қалай әсер ететініне басты назар аударылды. 2050 жылға қарай жер бетінде 100 жастан асқан 4 миллион адам болады деп болжануда (қазіргі уақытта 65 жастан асқан халық 10% құрайды, ал 2050 жылы бұл көрсеткіш 22% құрайды), ал халықтың 80%-ы ірі қалаларда тұрады. Осы факторлардың әрқайсысының оң және теріс жақтары бар, олар сарапшылардың бағалауы бойынша бизнес пен қоғамға тікелей әсер етеді.

CAF Spring-2025 халықаралық сән көрмесінің көктемгі маусымы 10-12 наурызда, ал CAF Autumn-2025 және Elite Line-2025 күзгі маусымы 17-19 тамызда өтеді.

Өтетін орны: Алматы, «Атакент» ҚІЫО

Central Asia Fashion және Elite Line көрмелері туралы толығырақ www.fashionexpo.kz және www.eliteline.kz сайттарынан, сондай-ақ @centralasiafashion және @eliteline_exhibition инстаграм парақшаларынан біле аласыздар.